

**Теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын, порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 519 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 11 шілдеде № 13904 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.07.2019 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын, порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.07.2019 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
\_\_\_\_\_ А.С. Мамытбеков

2015 жылғы 16 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ В. Жұмақанов

2016 жылғы 9 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е.А. Досаев

2015 жылғы 11 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
\_\_\_\_\_ Қ.Н. Қасымов

2015 жылғы 16 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
\_\_\_\_\_ Б.Т. Сұлтанов

2016 жылғы 3 маусым

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
2015 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 519 бұйрығымен  
бекітілген

**Теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын, порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану қағидалары**

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.07.2019 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## Тарау 1. Жалпы ережелер

1. Осы Теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын, порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабы 3-тармағының 55-15) тармақшасына сәйкес әзірленді және теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын (бұдан әрі – порттар), порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.07.2019 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бақылау органдары - кедендік, шекаралық, фитосанитарлық, ветеринарлық, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтер, Порттың теңіз әкімшілігі;

2) жобалау ұйымы - портты немесе құрылысты салуға, қайта жаңартуға немесе қайта жайластыруға арналған жобаларды әзірлеген ұйым;

3) жүк жоспары - жүк үй-жайларын неғұрлым оңтайлы пайдалану мақсатында жүкті теңіз кемесінде орналастыру жоспары;

4) жүк манифесі - жүк туралы барлық негізгі мәліметтері әр порт бойынша бөлек жазылған құжат;

5) жұмыс технологиялық карталары - теңіз портында жүктерді өңдеу, қоймаға жинау және жүктерді кемеге тиеу мен жүктерді кемеден түсірудің технологиялық процестерін сипаттайтын порттың техникалық құжаттары;

6) коносамент - тасымалдаушымен жіберушіге берілетін және жүкті тасымалдауға қабылдауды растайтын құжат;

7) пайдалану режимі - жобада немесе құрылысты пайдалану үдерісінде белгіленген параметрлермен бірге бағыты бойынша құрылыстарды пайдалану қарқындылығы;

8) пайдалану шарттары - құрылысты пайдалану кезінде оған әсер ететін қозғаушы күштердің жиынтығы;

9) палубалық жүк - кеменің ашық палубасында және қауіпсіз жерінде тасымалданатын, тоннаждың брутто/нетто өлшеміне кірмеген жүктер;

10) порттың үрдістер жиынтығы - жүк операцияларын ұйымдастырумен, ол бойынша шығындарды бөлумен, жүк жұмыстарын нормалаумен және сталиялық, контрсталиялық уақытты есептеумен байланысты тасымалдауға қатысушылардың

өзара қарым-қатынасын реттейтін осы порттың қалыптасқан үрдістері мен практикасы көрініс тапқан, порт иесі бекіткен құжат;

11) пайдаланатын ұйым - өз қызметін теңіз порты акваториясында жүзеге асыратын және порт құрылыстарын қолдаумен байланысты қызметтер атқаратын ұйым;

12) порт құрылыстары - теңізде жүзу және кемелер тұрағының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған, су ортасымен байланысатын теңіз портының аумағында және (немесе) акваториясында орналасқан инженерлік-техникалық құрылыстар (жағалауды қорғайтын құрылыстар, толқын тосқылары, бөгеттер, молдар, пирстер, айлақтар, сонымен қатар түбін тереңдету жұмыстары нәтижесінде пайда болған кіру арналары, су асты құрылыстары);

13) порт құрылысының паспорты - құрылыстың арнауы, сипаттамасы және техникалық жай-күйі (ақаулықтар, жөндеулер, сындарлылық өзгерістер, авариялар және пайдалану беріктілігін бұрынғы қалпына келтіру жөніндегі қабылданған шаралар) көрсетілген техникалық құжат;

14) теңіз портының паспорты - портқа жүктелген өндірістік міндеттерді орындауға арналған порттың өндірістік мүмкіндігін, өндіріс құралдары мен материалдық ресурстар жиынтығының қолдағысы мен жай-күйін куәландыратын құжат;

15) тальмандық қолхат - кемеден/ге жүктерді қабылдау немесе түсіру кезіндегі жүктің саны мен оның жай-күйін куәландыратын және жүк орындары есебінің фактісін растайтын жүк құжаты;

16) теңізде жүзушілерге хабарлау қағазы - навигациялық карталарды түзету жөніндегі гидрографиялық деректердің өзгерістері қамтылған, теңізде жүзу үшін құралдары мен басшылығы бар құжат;

17) техникалық тексеріп қарау журналы - құрылысты тұрақты түрде техникалық тексеріп қарауды өткізу үдерісінде жүзеге асырылатын порт құрылыстарын пайдалану, техникалық жай-күйіне және режиміне бақылауды есепке алу жөніндегі құжат;

18) халықаралық теміржол жүк қатынасы туралы келісім жүкқұжаты (бұдан әрі - ХТЖҚК) - 1951 жыдың 1 қарашасындағы Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге қатысушы елдердің темір жолдары бойынша халықаралық жүк тасымалдауға қолданылтын халықаралық жүкқұжат нұсқасы;

19) штурмандық қолхат - капитанның аға көмекшісі беретін және қол қоятын кеме бортына жүк қабылданғанын растайтын құжат.

## **2-тарау. Теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын пайдалану тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.07.2019 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Жүктерді көліктің бір түрінен екінші түріне және кейін қарай ауыстырып тиеу үшін портты пайдалану порттың инфрақұрылымы мен құрал- жабдығын пайдаланумен жүзеге асырылады.

4. Жүктерді ауыстырып тиеу бойынша порт жұмысын ұйымдастыру портқа жүк келуін жоспарлау, жүкті қабылдау, порттың қойма алаңдарында қоймаға жинау, сондай-ақ жүкті теңіз терминалдарынан не қойма алаңдарынан тиеу жолымен жүзеге асырылады.

5. Осы Қағидаларда айқындалмаған жүк тегіне, порт жұмысының технологиясына және тасымал түріне (экспорт, импорт, транзит) байланысты жүктерді ауыстырып тиеу кезінде жүргізілетін техникалық операциялар порттың үрдістер жиынтығына, порттың нұсқаулықтары мен стандарттарына, сондай-ақ порттың жұмыс технологиялық картасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Жүкті ауыстырып тиеу бойынша жоспарлар:

1) кемелер, вагондар, өзге де жүктер, контейнерлер және автокөлік құралдарының келуі туралы;

2) жүк тиеу-түсіру орындарында жүк тиеп-түсіретін вагондардың бар-жоғы, өзге жүктің, контейнерлердің және қойма алаңдарында автокөлік құралдарының бар-жоғы туралы;

3) вагондарды кіргізуге, палубалық жүкті, дөңгелек техниканы тиеуге жасалған жүк жоспарларының бар-жоғы туралы;

4) ресімделген жүк құжаттары туралы тәуліктік ақпарат негізінде қалыптастырылады.

7. Порт арқылы жүктің нақты көлемін тиеу мүмкіндігін жүк жөнелтуші темір жолмен, темір жол портымен, ал порт кеме иесімен (агентпен) келіседі.

8. Жүктерді темір жол құрамынан қабылдау және түсіру "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы, Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-15) тармақшасында көзделген Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларына сәйкес және Халықаралық жүк қатынасы туралы келісіммен көзделген тасымал құжаттарының толық топтамасы болған жағдайда жүзеге асырылады.

9. Тасымалдаушы вагондарды алдағы жүк түсіруге беруден 2 сағаттан кешіктірмей портқа хабарлайды.

10. Жүк вагоннан порттың қойма аумағына түсірілгеннен кейін порт қызметкері жүктің саны бойынша есебін жүргізеді, ХТЖҚК жүкқұжатына енгізілген мәліметтермен салыстырып тексереді, жүктің, орауыштың, ыдыстың зақымданғанын немесе бүлінгенін тексеруді жүргізеді.

Одан әрі тасымалдауда немесе алушыға бергенге немесе бағыты бойынша жөнелтілгенге дейін жүктің сақталуын қамтамасыз етпейтін жүктің бұзылғаны,

орауыштың, ыдыстың ақаулықтары анықталған жағдайда тасымалдаушы жүк алушы (экспедитор) мен порт арасында жалпы нысандағы акт жасалады.

11. Порт қызметкері жүк вагоннан түсірілгеннен кейін жүкке таңба басады (вагонның соңғы төрт саны, лоты, қосымшасы, порт экспедиторы, күні).

12. Портта вагондардың нақты тұрған уақыты нөмірлік әдіспен есепке алынады және вагондарды тиеу/түсіру жеріне нақты берген сәттен бастап тасымалдаушыға вагондарды жинастыруға дайын екені туралы хабарлама берген сәтке дейін есептеледі.

13. Жүкті (контейнерді) автокөлікпен кіргізу жүк жөнелтушінің (экспедитордың) хаты және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобильмен жүк тасымалдау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 12463 тіркелген) сәйкес тауарлық-көліктік жүкқұжаты болуының негізінде жүзеге асырылады.

Тауарлық-көліктік жүкқұжатына сәйкес бос контейнерлерді порт қызметкері сыртқы түрі және нөмірі бойынша, жүк тиелген контейнерлерді жүк жөнелтушінің жарамды пломбасы және нөмірі бойынша, өзге жүкті жөнелтушінің салмаққа саны бойынша қабылдайды.

14. Бақылау органдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы кемеңіз өткенін ресімдегеннен кейін кемеден жүк қабылдау жүзеге асырылады.

Порт қызметкері кемеден жүкті қабылдағанға дейін жүктің сыртқы көрінісін тексеріп қарауды жүргізеді, кеме иесі (агент) алдын ала ұсынған жүкті түсіруге тапсырма бойынша орын санына сәйкестігін тексереді.

15. Кемеден жүк қабылдау жүк орнын (стандарттық көтеруді) есептеумен жүзеге асырылады, жүктің әр 10-көтерілімінен кейін порт қызметкері мен кеме капитанының аға көмекшісі жүктің қабылдап/тапсырған фактісін тальмандық және штурмандық қолхаттарға өз мөрлері мен қол таңбаларын қойып бекіту жолымен тіркейді. Тальмандық қолхаттың бір данасы кеме капитанының аға көмекшісіне, штурмандық қолхаттыкі - порт қызметкеріне беріледі.

Автокөлік құралдарын трюмде және палубада қабылдау кезінде кеме капитанының аға көмекшісі автокөлік құралдарының кілттерін порт қызметкеріне береді.

16. Жүктің немесе ораудың жетпеуі, бұзылуы анықталған жағдайда жалпы нысандағы акт жасалады. Жалпы нысандағы актіге порт қызметкері, кеме капитаны, агент қол қояды және порт, кеме капитаны және агент мөрлерімен куәландырылады.

17. Жүкті ашық және жабық алаңдарда сақтау порт, жүк иесі (экспедитор) арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Жүкті ашық және жабық алаңдарда бөліп орналастыру жүктерді қоймаға жинауға арналған алаңдардың сызбасына және жүк тиеудің жұмыс технологиялық карталарына сәйкес жүргізіледі.

18. Жүк алушы жүкті алу (тапсыру) үшін жүкті әкетуге/әкелуге еркін түрде жазылатын өтінімді ресімдейді, оған порт әкімшілігі қол қояды және бақылау органдарымен келісіледі.

19. Жүк жөнелтуші автокөлік құралын темір жол көлігімен жөнелткен кезде порттың кірме жолдарында автокөлік құралдарын тиеуге рұқсат алу үшін порт әкімшілігіне жазбаша өтініш береді.

Өтініште автокөлік құралының маркасы, шассиі, коносамент нөмірі және автокөлік тиелетін вагон нөмірі көрсетіледі.

Тасымалдаушы порт қызметкеріне жүк тиеуге келген бос вагонның анықтама парағын ұсынады. Жүк жөнелтуші өз қаражатымен тиеуді жүргізеді.

20. Порт қызметкері вагондарды паромға тиеуді дайындау үшін тасымалдаушының деректері (вагондар нөмірі, жүк атауы, ыдыс салмағы, нетто, брутто) негізінде жүк жоспарын қалыптастырады, ал паром портқа келуден 12 сағат бұрын вагондарды алдағы тиеуге іріктеу үшін тасымалдаушыға тапсырылады.

21. Тасымалдаушы, порт, бақылау органдарының қатысуымен техникалық және коммерциялық тексеру үшін паром портқа келуден 6 сағат бұрын вагондар паром жолдарына беріледі.

Ақаулықтар болған жағдайда барлық тексеруге қатысушылар қол қоятын жалпы нысандағы акт жасалады.

22. Паромға дөңгелек техниканы кіргізу және палубалық жүкті тиеу жүк жөнелтушінің мына ақпарат: өтінім берген күні, дөңгелек техниканың нөмірі мен ауқымы, жүктің сипаты мен салмағы, алып жүруші адамдар саны мен олардың байланыс телефондары көрсетіле отырып, порт әкімшілігіне берген өтінімі негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте палубалық жүкті паромға тиеу үшін кеме иесінен жүк жөнелтуші, жүктің түрі, орын саны, тоннажы көрсетілетін тиеуді растаудың болуы қажет.

Берілген өтінім мен кеме иесінің растауы негізінде порт қызметкері тиеуге тапсырманы дайындайды. Палубалық жүкті тасымалдау кеме капитанының келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

23. Дөңгелек техниканың немесе палубалық жүктің тиелгенін растайтын факті паром капитанының коносаменттерге және жүк манифесіне қойған мөрі болып табылады, паром капитаны олардың бір-бір данасын бақылау органдары мен порт қызметкеріне ұсынады.

24. Бақылау органдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы паромдардың өткенін ресімдегеннен кейін паромдардан вагондарды порт аумағына шығару жүзеге асырылады.

Вагондар паромнан шығарылып, порттың кірме жолдарына берілгеннен кейін (бос вагондар мен қауіпті жүктері бар вагондардан басқа) вагондарға коммерциялық тексеріп қарау жүргізіледі.

Жүк алушы (порт экспедиторы) жүк құжаттарын, оның ішінде бақылау органдарында ресімдеуді "Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13714 болып тіркелген) сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізеді.

Порт аумағынан вагондарды шығару тасымалдаушының тепловоздарымен жүргізіледі.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.12.2018 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Паромнан дөңгелек техниканы шығаруды және палубалық жүкті түсіруді ұйымдастыру үшін порт қызметкері жүк декларациясын, бас декларацияны, келген жолаушылардың тізімін және басқа құжаттарды ресімдейді, олар паром капитанымен келісіледі.

Порт әкімшілігі айқындаған порт аумағындағы тексеріп қарау алаңына дөңгелек техниканы шығару және палубалық жүкті түсіру жүзеге асырылады.

25-1. Қауіпті жүктер теңіз портында тиеу немесе түсіру үшін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 542 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11930 болып тіркелген) (бұдан әрі – Жүктерді тасымалдау қағидалар) 3-тарау талаптарына сәйкес тиісті түрде жіктелген, буып-түйілген, таңбаланған, қауіп белгісімен жабдықталған және көлік құжаттарында сипатталған жағдайда қабылданады.

**Ескерту. 2-тарау 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 04.03.2025 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25-2. Қауіпті жүкті теңіз портының аумағына кіргізу порт әкімшілігінің (теңіз терминалы операторының) жазбаша растауын алғаннан кейін рұқсат етіледі, онда жүкті жеткізудің тәртібі, мерзімдері және орны көрсетіледі. Жазбаша растауды порт әкімшілігі (теңіз терминалының операторы) кеме иесінің (агентінің) өтінімі келіп түскен күннен бастап бір күнтізбелік күн ішінде береді.

**Ескерту. 2-тарау 25-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 04.03.2025 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25-3. Порт әкімшілігі (теңіз терминалының операторы) жүк қасиеттеріне, олардың қаптамасына және порттың жергілікті жағдайларына байланысты қауіпті жүктерді



сақтау және тиеудің немесе түсірудің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс технологиялық карталары мен нұсқаулықтарын әзірлейді.

Әзірленген құжаттамада мынадай ақпарат көрсетіледі:

қауіпті жүктердің номенклатурасы (атауы, кластары немесе кіші кластары бойынша);

порттың қойма алаңдарында сақтауға рұқсат етілген қауіпті жүктердің саны;

портта көліктің бір түрінен екіншісіне тікелей тиелетін қауіпті жүктердің номенклатурасы (атауы, кластары немесе кіші кластары бойынша);

апаттық жағдайларда кеме мен порт әкімшілігі (теңіз терминалының операторы) арасындағы байланыс пен өзара іс-қимыл тәртібі;

жөнелтушінің Жүктерді тасымалдау қағидаларының 3-тарауының талаптарын орындамауы салдарынан тасымалдауға (тиеуге) қабылданбаған жүктерді порт аумағынан әкету тәртібі;

ыдысты немесе көлік құралдарын жөндеу және жүкті қайта өлшеуге арналған тәртібі мен арнайы орындар;

апаттық жағдайларды жоюдан кейін қауіпті жүктердің қалдықтарын сақтау арнайы орындары және кәдеге жарату немесе көму үшін әкету тәртібі.

**Ескерту. 2-тарау 25-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 04.03.2025 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25-4. Қауіпті жүктермен жүк операцияларын жүргізу үшін айлақ аумағында тұрақты қоршау орнатылады.

Қауіпті жүктерді тиеу немесе түсіру бір ауысымнан аз уақытты алса, уақытша қоршаудың орнына қауіпсіздік белгісі бар бағандар қоюға рұқсат етіледі.

Қауіпсіздік белгілері жүк операцияларын жүргізу орындарына апаратын жолдарға да орнатылады.

**Ескерту. 2-тарау 25-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 04.03.2025 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25-5. Қауіпті жүктермен операциялар бойынша оқытудан өтпеген порт қызметкерлеріне қауіпті жүктерді тиеуге, түсіруге және сақтауға қатысуға тыйым салынады.

**Ескерту. 2-тарау 25-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 04.03.2025 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Кемеге жолаушыларды отырғызу және кемеден жолаушыларды түсіру порттың теңіз вокзалы арқылы жүзеге асырылады.

Кететін жолаушыларды ресімдеу, соның ішінде шекаралық және кедендік бақылаудан ету жолаушылар кемесі портқа келерден 3 сағат бұрын жүзеге асырылады.

Қол жүгі бар келген жолаушыларды шекара жасағы порттың қызметтік автобусымен теңіз вокзалындағы шекара және кеден бақылау аумағына алып жүреді, жолаушылардың жолжүгі порттың теңіз вокзалына арнаулы көлігімен жеткізіледі.

### **Тарау 3. Порт құрылыстары мен теңіз порты акваториясын пайдалану тәртібі**

#### **1-параграф. Жалпы ережелер**

27. Порт құрылыстары мен теңіз порты акваториясын пайдалану оларды тиімді пайдаланған және қауіпсіздік талаптарын орындаған кездерде қызмет ету мерзімі ішінде олардың пайдаланымдық сипаттамаларының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Порт құрылыстары мен акваториясының пайдаланымдық сипаттамаларын ұстап тұру және қауіпсіздік талаптарын орындау үшін оларға техникалық қызмет көрсету, олардың техникалық жай-күйін бақылау және оларды жөндеу жөнінде ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық іс-шаралар кешені көзделуі тиіс.

28. Порт құрылыстарын пайдалану:

- 1) порт құрылыстарының паспорттарын әзірлеумен және жүргізумен;
- 2) құрылыстарды пайдалану режимін белгілеумен және оны сақтаумен;
- 3) порт құрылыстары мен акваториясын техникалық тексеріп қарау мен (тексеруді) жүргізумен;
- 4) қажетті көлемдегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын уақтылы жүргізумен;
- 5) аса маңызды құрылыстарды қайта жаңартуды және жөндеуді жаңа құрылыспен байланыстыра және үйлестіре отырып, перспективалы жоспарлаумен;
- 6) құрылыстарды ағымдағы және күрделі жөндеумен;
- 7) құрылыстар мен акваториялардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін нұсқаулықтар мен басқа да құжаттарды әзірлеумен және оларды орындаумен;
- 8) порт құрылыстарына қызмет көрсететін білікті персоналдың болуымен;

29. Порт құрылыстарын пайдалануды осы құрылыстарды жалға алушы немесе оның иесі жүзеге асырады.

30. Теңіз порты үшін тұтастай және порттың әрбір құрылысы үшін бөлек-бөлек паспорттар жасалуы тиіс.

31. Теңіз портының және порт құрылыстарының паспорттарын жобалау ұйымы әзірлейді.

Қолданыстағы құрылыстарға арналған паспорттар болмаған жағдайда, оларды теңіз порттары мен порт құрылыстарын жобалау жөніндегі, қызметтің осындай түрімен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның көмегімен қалпына келтіру керек.

32. Құрылыстар кезек-кезек салынған жағдайда, порт құрылыстарының паспорттары құрылыстың әрбір кезегі үшін бөлек, осы кезектің объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін жасалады.

33. Порт құрылыстарының паспорттарын жүргізуді порт құрылыстары және күрделі құрылыс қызметі (бұдан әрі - ПҚЖКҚК) жүзеге асырады, теңіз портының паспортын жүргізу теңіз порты басшысының бұйрығы бойынша теңіз порты қызметіне немесе бөліміне жүктеледі.

Порт құрылыстарының паспортын жасау және жүргізу осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес үлгілік нысандар бойынша жүзеге асырылады.

Теңіз портының паспортын жасау және жүргізу осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес үлгілік нысан бойынша жүзеге асырылады.

Порт құрылыстары паспорттарына порт құрылыстарын техникалық тексеру мен зерттеулердің деректері мен оларды қалыпты пайдалану мүмкіндігі туралы қорытындылар енгізіледі.

Порт құрылыстары паспорттарының даналары ПҚЖКҚК-да, порт құрылысын пайдаланатын ұйымда және жобалау ұйымында сақталады.

34. Порт құрылыстарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін пайдаланушы ұйым мыналарды:

1) теңіз порты аумағының, онда орналасқан порт құрылыстарының, акваториясының, сондай-ақ олардың ауданындағы атмосфераның ластануын болдырмау жөніндегі нұсқаулықты;

2) Порт құрылыстары мен акваториясын техникалық тексерулердің және зерттеулердің бағдарламасын әзірлейді және бекітеді.

## **2-параграф. Порт құрылыстары**

35. Порт құрылыстарын пайдалану режимі олардың жобалық сипаттамаларына, іс жүзіндегі техникалық жай-күйіне, пайдалану талаптарына, олардың қызмет ету мерзіміне және әрбір порт құрылысының тағайындалуына сәйкес жүзеге асырылады.

36. Порт құрылысының пайдалану режимін өзгерту жобалау ұйымымен келісіледі, теңіз порты басшысының өкімдік құжатымен ресімделеді және порт құрылысының паспортында көрсетіледі. Порт құрылысының пайдалану режимі өзгерген жағдайда, теңіз портының басшысы үш жұмыс күні ішінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшені хабардар етеді.

37. Порт құрылыстарын пайдаланудан шығарған кезде теңіз портының басшысы үш жұмыс күні ішінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшені бұл туралы хабардар етеді. Порт құрылыстарын пайдаланудан шығару құрылыстың меншік иесі тағайындайтын Жұмыс комиссиясының қорытындысы бойынша жүргізіледі және порт құрылысын пайдаланудан шығару қажеттігі туралы актімен ресімделеді. Актіні теңіз портының басшысы бекітеді.

38. Порт құрылыстарын пайдалану үдерісінде техникалық құжаттама жүргізіледі. Техникалық құжаттаманың тізбесі осы Қағиданың 3-қосымшасында келтірілген.

39. Қайта жаңарту, жаңғырту немесе күрделі жөндеу аяқталғаннан кейін порт құрылыстарын пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 75 бабына сәйкес жүргізіледі.

40. Порт құрылыстарын салу, қайта жаңарту, жаңғырту, күрделі жөндеу және пайдалануға енгізу жөніндегі барлық құжаттама ПҚЖКҚК-да және порт құрылысының меншік иесінде сақталады.

41. Порт құрылыстарын пайдалану режимі порт құрылысын пайдаланатын теңіз порты қызметкерлері мен кемелер экипаждары орындайтын шарттар мен талаптардың жиынтығын білдіреді.

42. Порт құрылыстарын пайдаланудың белгіленген режиміне өзгерістер енгізу порт құрылыстарын жүйелі түрде бақылаулар нәтижелерінің және оларды пайдалану шарттарының өзгергені туралы деректердің негізінде жүргізіледі.

43. Порт құрылыстарын пайдалану:

1) кемелердің жүзуі, арқандап байлануы, тұрақтары мен оларды өңдеу үшін қауіпсіз жағдайларды;

2) құрылыстардың кемелермен өзара әрекеттесуі кезінде, жабдықтар мен көліктің жұмысы кезінде, жүктерді қоймалап жинау кезінде және гидрометеорологиялық факторлардың әсері кезінде қауіпсіздігін, сақталуын және қызмет ету ұзақтығын арттыруды қамтамасыз етеді.

44. Порт құрылыстарын қалыпты пайдалануға кедергі келтіретін немесе құрылыстың жекелеген элементтерінің қирауына әкеп соғатын табиғи тозуы бар порт құрылыстарын пайдалануға жол берілмейді.

45. Барлық айлақтық құрылыстар олардың паспорттарында көрсетілген, жобалау ұйымы әзірлеген олар үшін белгіленген пайдалану жүктемесінің нормаларын қатаң түрде сақтай отырып пайдаланылады.

46. Айлақтық құрылыстарға белгіленген нормалардан жоғары жүктемелерді арттыруға рұқсат етілмейді. Айлақтарды пайдалануды жүзеге асыратын ұйым басшылары теңіз портының айлақтық құрылыстарына, рұқсат берілетін жүктемелер нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

47. Айлақтық құрылыстарға арналған пайдаланымдық жүктемелердің нормалары құрылыстың конструктивтік элементтерінің іс жүзіндегі жай-күйін және оның қызмет ету шарттарының жобалау және салу кезінде алғаш қабылданған шарттарға сәйкестігін ескере отырып, ұдайы қайта қаралады және айлақтық фронттың әрбір учаскесі үшін бөлек белгіленеді. Пайдаланымдық жүктемелер нормаларын қайта қарау жобалау ұйымының зерттеулерден кейінгі ұсынымдары негізінде жүргізіледі.

48. Айлақтарды пайдалану шарттары мен олардың техникалық жай-күйі өзгерген жағдайда, жобалау ұйымы құрылысты салыстырып тексеру есептеулерін жүргізеді,

олардың нәтижелері айлақтарды пайдаланудың жаңа режимі тағайындалған кезде ескеріледі.

49. Айлақтық құрылыстарға түсірілетін жүктемелердің схемалары айлақтардағы, тиеу кешендерінің үй-жайларындағы, кордон жанындағы қоймалардағы және айлақтық құрылыстарды пайдаланумен байланысты қызметкерлер бар басқа да қызметтік үй-жайлардағы көрінетін жерде ілінеді.

50. Рейдтік айлақтық құрылыстар (арқандап байланатын палдар мен бөшкелер) арқандап байланатын кемелерден оларға белгіленген түсірілетін жүктемелердің порт құрылыстарының паспортында көрсетілетін нормаларын қатаң түрде сақтай отырып пайдаланылады.

Кері итергіш құрылыстардың жоқтығы немесе зақымдалғаны кеме корпусына немесе құрылыстарға нақты зақымдану қауіп-қатерін көрсетсе құрылыстарға кемелерді арқандап байлауға рұқсат етілмейді.

Зақымдалған кері итергіш құрылыстарды ауыстыру және жөндеу кемелердің айлақтық құрылысында жоқ кезінде іске асырылуы тиіс.

51. Айлақтарды пайдалану үдерісінде портты жобалау кезінде осы айлақ үшін есептелген тереңдік сақталады. Тиісті түрдегі тереңдіктердің сақталуын бақылауды Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады.

Кемелердің жақындап келуі мен арқандап байлануы, қауіпсіз тұрағы, орын ауыстыруы, кемелердің гидротехникалық құрылыстарды зақымдауларының алдын алу шаралары теңіз портының режимімен белгіленеді.

52. Кордон маңындағы әртүрлі тереңдіктері мен әртүрлі тірек қабілеттері бар, айлақтардың шекаралары сол орында тұтас ақ көлденең сызықпен, ал пайдаланымдық жүктемелердің схемалары - айлақтағы сызық үстінде орнатылған көрінетін жердегі плакатта белгіленеді.

53. Кемелердің қауіпсіз арқандап байлануын және айлақтық құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету үшін мынадай талаптар сақталады:

1) айлақтық құрылыстың арқандап байлау және кері итергіш құрылыстарының жарамды техникалық жай-күйде болуы және өздерінің сипаттамалары бойынша айлаққа арқандап байланатын кемелердің сипаттамаларымен сәйкес болады;

2) кемелерді арқандап байлау кезінде айлақтардың еркін ұзындығының іс жүзіндегі қоры арқандап байланатын кемелердің ұзындығына байланысты нормативтік қордан кем болмайды;

3) кемелердің айлақтарға жақындап келу жылдамдықтарының қалыпты құрауыштары оларды арқандап байлау кезінде порт құрылысына арналған жобаның талаптарымен сәйкес болады.

54. Кемелердің, порт құрылыстарының зақымдануларын және адамдармен болуы мүмкін қасіретті жағдайларды болдырмау үшін айлақты пайдаланатын ұйым кемелі

қабылдауға қатысты айлақты алдын ала дайындайды. Айлақты қауіпсіз пайдаланудың қамтамасыз етілуін бақылауды Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады.

55. Кемелерді арқандап байлау арқандап байлауға арналған арқандармен жүргізіледі. Арқандап байлауға зәкір шынжырларын ұсынуға тыйым салынады.

56. Теңіз дауылы туралы ескерулер алынғаннан кейін кемелерді арқандап байлау дауылдық арқандап байлау құрылғылары арқылы жүргізіледі, егер олар порт құрылысына арналған жобада көзделген болса.

57. Арнайы арқандап байлау үшін тағайындалмаған кері итергіш құрылғыларға және құрылыс бөліктеріне кемені арқандап байлауға тыйым салынады.

58. Порттық құрылыстарын қысқы кезеңде пайдаланған кезде теңіз порты ауданның климаттық және гидрометеорологиялық сипаттамалары мен гидротехникалық құрылыстардың конструктивтік ерекшеліктерін ескере отырып, порт құрылыстарын, акваториялар мен кеме жүзетін каналдарды қысқы жағдайларда пайдалану жөніндегі іс-шаралар әзірлейді. Қажет болған жағдайда әзірлемелерге жобалау ұйымдары тартылады.

59. Айлақтық құрылыстар кордон бойынша кері итергіш айлақтық құрылғылар және доңғалақ ұрғыш құрылғылармен жабдықталады.

Еркін жүрісті кемелерді (Ро-Ро үлгідегі) айлақтарда қабылдаған кезде айлаққа аппарелиді түсіруге тек сол үшін арнайы тағайындалған және тиісті жазулармен жабдықталған орындарда ғана рұқсат етіледі. Аппарелиді орнатуға арналған учаске алынбалы-салынбалы доңғалақ ұрғыш білеумен жабдықталады. Аппарели төсеу аймағының өлшемдері айлақта айқын сызықтармен бояумен немесе басқа тәсілмен белгіленеді.

60. Әрбір арқандап байлау тумбасының бас кеңістігінде жағалау жақтан оқылатын цифрлық белгілеулер енгізіледі:

1) жоғарыдан — айлақтың жағалау сызығынан бастап есептелетін тумбаның реттік нөмірі (толассыз нөмірлеу);

2) төменде, көлденең сызықтың астында - ең жақын арқандап байлау тумбаларына дейінгі метрмен алғандағы қашықтық - сол жақтан және оң жақтан бір-бірінен тік сызықтармен бөлінген.

61. Қадалық үлгідегі порт айлағында арқандап байлау, тұраққа тұрған және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде кеменің сыртқы қабырғаға (жаққа) қисаюына жол берілмейді. Гравитациялық үлгідегі айлақта кеменің сыртқы қабырғаға (жаққа) 5° артық емес шамаға қисаюына жол беріледі.

62. Айлаққа жақындап келгенде және одан кері кеткенде кемелер машинамен жұмыс істейді, бұл ретте кеменің алдыңғы бөлігі гидротехникалық құрылыстардан кемінде 10 метр қашықтықта болады.

63. Порт айлағынан жөнелетін ірі тоннажды кемелерге өз машиналарымен айлаққа жақын маңда маневрлеуге тыйым салынады. Олар тіркеп сүйретулердің көмегімен акватория ауданына қарай жылжиды, мұнда маневрлеу басқа кемелердің, гидротехникалық құрылыстардың зақымдану және құрылыс түбін шаю қаупін тудырмайды.

64. Есу бұрандасының жұмысымен байланысты кемелердің арқандап байлау сынақтарын осы мақсатқа тағайындалмаған гидротехникалық құрылыстарда жүргізуге тыйым салынады.

65. Кемелер тікелей айлақта тұрақта тұрған кезде машиналарды жылыту үшін есу бұрандасын барынша аз айналу жиілігімен айналдыруға жол беріледі.

66. Кемелер айлаққа жақын келгенде және айлақтан кеткен кезде тіркеп сүйреуіштерді пайдалану кеменің тіркелімдік сыйымдылығына және порттың жергілікті (географиялық, гидрологиялық және басқа) ерекшеліктерімен байланысты теңіз портының режимімен регламенттеледі.

Тіркелген порт акваториясында жүзу кезіндегі сүйрегіш қызметін қолдану Қазақстан Республикасының Халықаралық кеме тіркелімінде тіркелген және халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын кемелер үшін (бортында қауіпті жүктер бар кемелерден басқа), оларда маневр операцияларын өздігінен жасауға мүмкіндік беретін рульдеу құралының бар болған жағдайында және осы порттың акваториясында кеме капитанның жүзу тәжірибесі 12 айдан кем емес болса және капитанның сұратуы бойынша осы порттың әкімшілігімен (теңіз терминалының операторы) келісімі бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.12.2018 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

67. Айлақта тұрған кемелер айлақты артық су балластын айдап шығарған кезде және палубаны жинастырғанда оған су шашырамауы үшін, борт саңылаулары арқылы шығарылатын будың әсерінен қорғау үшін айлақты қоршайды.

68. Айлақ аумағында кеме жабдығын және басқа да ауыр салмақты жүктерді түсіруге тиеу-түсіру кешені басшысының немесе айлақты пайдаланатын бөлімше басшысының рұқсатымен ғана жол беріледі.

69. Айлақ құрылыстарының кордонында кемелерді арқандап байлаудың қажетті жағдайларын және басқа операциялардың орындалуын қамтамасыз ету үшін кордон сызығынан ені кемінде 2 метр жолақ шегінде жүктерді текшелеп қоймалауға тыйым салынады.

70. Құбырлар мен айлақ бетінен жоғары шығып тұрған басқа да коммуникация арқылы адамдардың қауіпсіз жүріп өтуі үшін өтпе көпіршелер орнатылады.

71. Сұйықтық құйылатын терминалдар мен айлақтарды пайдалану режимі олардың жарамды техникалық жай-күйін, құйма өнімдерді қауіпсіз ауыстырып тиеуді, өрт

қауіпсіздігі талаптарының, санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі талаптары мен қауіпсіздік техникасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

72. Қауіпті құймалы жүктерді (шикі мұнай мен мұнай өнімдері, сұйық химиялық заттар) ауыстырып тиеу қауіпті жүктің түріне, физика-химиялық қасиеттеріне және адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға төндіретін қауіптілік дәрежесімен байланысты қауіпті жүктің әрбір класы үшін айлақты пайдаланатын ұйым теңіз портымен келісім бойынша әзірлеген технологияға сәйкес, мамандандырылған айлақтарда жүзеге асырылады.

Қауіпті жүктерді қайта ауыстырып тиеу Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияда түзетулермен 1974 жылғы талаптары, өрт қауіпсіздігі талаптары, сондай-ақ еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитариялық талаптары сақталған жағдайда мамандандырылмаған айлақтарда жүзеге асырылады.

**Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.12.2018 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

73. Қоршау құрылыстарының және жағалау нығайтқыш құрылыстардың кескіні оларды пайдаланудың барлық кезеңі ішінде жобалық жағдайда ұсталады.

74. Массивтерді, темірбетон бұйымдарды және басқа да жүктерді қоршаулы және жағалау нығайтқыш құрылыстарда олардың көтергіштік қабілеттерін тексермей және оларға жол берілетін жүктемелерді айқындамай қоймалауға тыйым салынады.

75. Қоршаулы және жағалау нығайтқыш құрылыстарға кемелерді арқандап байлауға, осы құрылыстардың конструкциясы кемелердің жақындап келуіне және тұраққа тұруына жол беретін, ал құрылыстардың арқандап байлау мен ұрғыш құрылғылары болған жағдайларды қоспағанда, тыйым салынады. Белгілі бір өлшемдегі және түрдегі кемелерді қоршаулы және жағалау нығайтқыш құрылыстарға арқандап байлауға рұқсат теңіз портының режимінде алдын ала ескеріледі.

76. Ашық жүк қоймалары тікелей жанаса орналасқан жағалау нығайтқыш құрылыстары үшін кордон жанындағы белдеуде пайдаланымдық жүктеменің теңіз порттарымен порт құрылыстарын жобалау жөніндегі, қызметтің бекітілген нормалары белгіленеді.

77. Төсемесі жоқ жағалау нығайтқыш құрылыстардың беткейін судың шаюынан қорғайды. Жағалау нығайтқыш құрылыстардың беткейінде пайда болатын және олардың төсемесінің қирауына әкелетін өсімдіктер мұқият жүйелі түрде жойылады.

78. Жағалау нығайтқыш құрылыстардың беткейінде қандай да болмасын бір заттарды текшелеп жинауға тыйым салынады.



79. Ішкі және сыртқы рейдтердің шекаралары теңіз порты Паспортымен және Мемлекеттік шекара арқылы азаматтарды, көлік құралдарын және және жүктерді өткізу ұйымдастыру схемасымен анықталады және көрсетіледі.

Ішкі және сыртқы рейдтерде шетелдік бағыттағы кемелер үшін айлақтарда зәкір тұрақ орындары порт капитанымен теңіз портында қызмет атқаратын Мемлекеттік шекараны қорғау және күзету және кедендік бақылау саласындағы құзыретті органдардың бөлімшелерімен келісуі арқылы анықталады және теңіз портының схемасында көрсетіледі.

Рейдтердегі зәкірлердің тұрақ орындары теңіз порты әкімшілігі әзірлейтін теңіз портының схемалық жоспарында көрсетіледі.

80. Рейдтердегі кемелерді қою порт капитанының нұсқауы бойынша жүргізіледі.

81. Гидротехникалық құрылыстарға, суасты кабельдерін және құбырларды жағалауға шығару орындарында, тыйым салатын белгілер орнатылады.

82. Порт құрылыстарына техникалық қызмет көрсету мыналарды:

1) белгіленген пайдалану режиміне және құрылыстардың техникалық жай-күйіне бақылау жасауды қамтамасыз ететін бақылауларды;

2) арқандап байлау және ұрғыш құрылғылардың, құрғатқыш жүйелердің жарамды жай-күйін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды;

3) жағалау нығайтқыш құрылыстардың беткейлерін ластанудан тазалауды, құрылыстың су үсті бөліктерінің ұсақ зақымданулары мен ақауларын жоюды;

4) құрылыстардың маңайындағы мұзды ойып шығаруды қамтиды.

83. Түбін тазалау жөніндегі жұмыстарды және айлақтарға техникалық қызмет көрсетумен байланысты басқа да суасты жұмыстарын сүңгуір жұмыс саласындағы мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

84. Гидротехникалық құрылыстардың су асты бөліктерін зерттеуді теңіз портының тапсырмасы бойынша жобалау ұйымының мамандандырылған бөлімшесі жүргізеді.

85. Жағалау нығайтқыш құрылыстар беткейлерінің деформациясы туындаған кезде беткейлердің кескінін қалпына келтіру және оларды бекіту жөнінде шұғыл шаралар қабылданады.

86. Порт құрылыстарына техникалық қызмет көрсету порт құрылыстарына тұрақты техникалық қарап тексерулерді, кезеңдік техникалық қарап тексерулерді, кезекті және кезектен тыс тексерістер жүргізуді және оларды пайдаланудың белгіленген режимін бақылауды көздейді.

87. Порт құрылыстары мен акваториясының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану режимі оларды пайдаланудың барлық кезеңі ішінде порт құрылыстарын техникалық қарап тексерулер мен тексерістерді жүзеге асыру жолымен айқындалады. Техникалық қарап тексерулер мен тексерістер:

1) тұрақты техникалық қарап тексеруді;

2) кезеңдік техникалық қарап тексеруді;

3) кезекті және кезектен тыс тексерістерді қамтиды.

88. Тұрақты техникалық қарап тексерулерді порт құрылысын пайдаланатын ұйым жүргізеді.

89. Тұрақты техникалық қарап тексерудің нәтижелері Порт құрылыстарының жай-күйін және оларды пайдалану режимін техникалық қарап тексеру журналына түсіріледі, онда қарап тексеру күні, құрылыс конструкциясының жаңадан анықталған ақаулары көрсетілген тексеру нәтижелері, құрылысқа жол берілген жүктеменің сәйкестігі немесе асып кетуі және оларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы жазылады.

Теңіз портының басшысы тағайындаған адам техникалық қарап тексеру журналын ай сайын қарап отырады және порт құрылыстарына техникалық қызмет көрсету мен оларды ағымдағы жөндеу сапасына жалпы баға береді.

90. Кезеңдік техникалық қарап тексерулерді порт құрылысын пайдаланатын ұйым басшысының бұйрығымен осы ұйымның қызметкерлері ішінен тағайындалатын комиссия жүргізеді.

Кезеңдік техникалық қарап тексерулер порт құрылысының жай-күйі туралы толық мағлұмдама береді және жөндеулерді жоспарлау үшін қажетті деректер мен пайдалану жөніндегі басқа да іс-шараларды қамтиды.

91. Порт құрылыстарын кезеңдік техникалық қарап тексерулер жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Кезеңдік техникалық қарап тексерулердің нәтижелері тексерулер актісі түрінде ресімделеді.

Порт құрылыстарына кезеңдік техникалық қарап тексерулер жүргізу жөніндегі материалдарды ПҚЖКҚҚ қызметкерлері жинақтайды.

92. Кезектен тыс тексерістер оларды қалыпты пайдалану шарттары бұзылған жағдайда немесе олардың авариялық жағдайында жүргізіледі. Кезектен тыс тексерістерді теңіз порты басшысының бұйрығымен тағайындалатын комиссия жүргізеді. Комиссияның жұмысына жобалау ұйымының өкілдері тартылады. Кезектен тыс тексерістің нәтижелері актімен ресімделеді.

Комиссия құрамына теңіз порты, жобалау ұйымы және порт құрылысын пайдаланушы ұйымының қызметкерлері кіреді.

93. Теңіз порты аумағындағы порт құрылыстарының техникалық жай- күйіне аспаптық бақылау жүргізу үшін (жоспарлық және биіктік жағдайымен) геодезиялық желінің тіректік белгілері (реперлер) орнатылады, ал порттық гидротехникалық құрылыстардың өздерінде бақылау геодезиялық желісінің белгілері (бақылау маркалары) орнатылады.

94. Пайдаланушы ұйым геодезиялық желінің тіректік және бақылау белгілерінің орнатылуын және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

95. Тереңдіктің іс жүзіндегі нөлдік деңгейін тұрақты анықтауға арналған деректерді жақын маңда орналасқан Мемлекеттік гидрометеорологиялық қызмет жүйесі қосынынан алуға болады.

96. Порт құрылысын пайдаланатын ұйым басшысының гидротехникалық құрылыстардың тұрақты техникалық қарап тексерулердің мерзімділігі порт құрылыстарының техникалық жай-күйіне және оларды пайдалану жағдайларына байланысты, бірақ айына кемінде бір рет белгіленеді.

Порт құрылыстарына тұрақты техникалық қарап тексерулерді жүргізу кезінде айлақтардағы жүктерді қоймалаудан түсетін пайдаланымдық жүктеме жобалау ұйымы белгілеген нормаларының сақталуына ерекше назар аударылады.

97. Пайдаланымдық жүктеменің белгіленген нормадан тыс асып кетуін, порт гидротехникалық құрылыстарының, олардың бөліктері мен элементтерінің зақымдануларын екі жақты актілермен ресімделеді, оларға ПҚЖКҚК өкілдері мен осы құрылысты пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның өкілдері қол қояды.

98. Тұрақты техникалық қарап тексерулердің нәтижелері мен айлақтарда жүктерді қоймалаудан түсірілетін пайдаланымдық жүктеме нормаларының сақталуын тексеру деректері Порт құрылыстарының жай-күйін және пайдалану режимін техникалық қарап тексеру журналына енгізіледі. Осы журналды жүргізу тәртібі осы Қағиданың 4-қосымшасында айқындалған.

99. Порт құрылыстарын кезеңдік техникалық қарап тексерулерді құрылысты пайдаланушы ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалатын комиссия жылына кемінде бір рет жүргізеді.

100. Теңіз портының басшысы өлшеу құралдарын пайдалана отырып, кезеңдік техникалық қарап тексеру жүргізілуге жататын порт құрылыстарының тізбесін бекітеді.

101. Порт құрылыстарын кезекті тексерістер құрылыстардың жай-күйіне және оларды пайдалану жағдайларына байланысты жүргізіледі.

102. Кезекті тексерістер бағдарламасын ПҚЖКҚК қызметі жобалау ұйымын тарта отырып жасайды.

103. Кезекті тексерістер кезінде айлақтардың іс жүзіндегі көтергіштік қабілетін анықтау үшін қызмет ететін, айлақтардың тәжірибелік жүктемесін жобалау ұйымы шарт бойынша немесе жобалау ұйымымен келісілген бағдарлама бойынша теңіз портының өзі жүргізеді.

104. Порт құрылысын пайдаланатын ұйым порт құрылыстарының техникалық жай-күйінің жалпы бағалауын және оларды жөндеу немесе қайта жайластыру жөніндегі ұсынымдарды қамтитын кезекті тексерістердің нәтижелері порт құрылыстарының паспорттарына енгізіледі.

105. Айлақтық құрылыстарды кезектен тыс тексерістер олардың ығысулары, деформациясы немесе зақымданулары, пайдаланымдық жүктеменің белгіленген

нормалардан тыс артып кетуі анықталған жағдайларда, сондай-ақ бес баллдан артық толқулары бар аса күшті дауылдардан кейін жүргізіледі.

106. Порт құрылысын пайдаланатын ұйым кезектен тыс тексерістердің нәтижелері бойынша тексеріс (зерттеулер) актілері негізінде анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі жөндеу жұмыстарының тізбесі жасайды, олар жылдық жөндеу жұмыстарының жоспарына енгізіледі.

107. Порт құрылыстарын және рейдтік айлақтардың жабдығын жөндеу (ағымдағы, күрделі) тұрақты, кезеңдік қарап тексерулердің және кезекті және кезектен тыс тексерістердің нәтижелері бойынша жоспарланады.

### **3-параграф. Теңіз портының акваториялары**

108. Теңіз порттар мен кеме қатынасы каналдарының акваториясын техникалық пайдалану оларды неғұрлым тиімді пайдалану және қауіпсіздік талаптарын сақтау кезінде олардың пайдаланымдық сипаттамаларын қызметтің есептік мерзімі ішінде сақталуын, сондай-ақ авариясыз жүзу мен кемеңің теңіз портындағы тұрағын қамтамасыз етеді.

109. Теңіз портының акваториясын пайдалану режимін пайдалану порт әкімшілігімен теңіз порты режимін, өткізу пункті режимін және портың паспорттық сипаттамаларын және техникалық жай-күйін ескере отырып бекітіледі.

Теңіз порты әкімшілігі теңіз портында қызмет атқаратын бақылау органдарымен келісу арқылы келесі анықталады:

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункті болатын теңіз порты жұмыс режимін, соның ішінде теңіз портының режимдік аумағына кіру тәртібін және азаматтарды, көлік құралдарын және жүктерді Мемлекеттік шекара өткізу пунктiсi арқылы өткізу, шетелдік бағыттағы кемелердің тұрақ орындарын олардың айлақ номерлерін портың ішкі және сыртқы рейдахтарындағы зәкір тұрақтарын көрсетіп;

порт қызметінің бақылау органдармен қызметтік қарым қатынас тәртібі, соның ішінде шетелдік бағыттағы теңіз кемелерін рәсімдеу үшін бірлескен комиссия шақыру, шетелдік бағыттағы кемеңің бортына комиссия мүшелерін рәсімдеуге жеткізу және кері қайтару тәртібін Шетелдік кеме капитандарының кемедегі санитарлы-эпидемиологиялық жағдайды, лоцмандық алып өту қажеттігі туралы порт әкімшілігін хабарландыру тәртібін.

110. Теңіз портының акваториясы жобада жобалау ұйымы белгілеген ауқымдарда ұсталады.

111. Акваторияны немесе кеме қатынасы каналын пайдалану жағдайларында өзгерістер (тереңдіктердің, құрылыс конструкциялары элементтерінің техникалық жай-күйінің және топырақ қабатының, олардың негіздерінің өзгеруі) туындаған кезде пайдалану режимі өзгертіледі.

Пайдалану режимінің өзгертілуі құрылыс паспортында көрсетіледі. Теңізде жүзудің навигациялық қауіпсіздігіне әсер ететін пайдалану режимінің өзгеруі туралы теңіз портының капитаны тиісті өкім береді, ол Теңізде жүзушілерге хабарлама арқылы теңізде жүзушілердің назарына жеткізіледі.

112. Кемелердің теңіз портына жақындап келу жолдарында және порттық суларда жүзуі кезінде шөгуі теңіз портында белгіленген өтулік шөгуден аспауы тиіс. Кемелердің рұқсат етілген өтулік шөгуі теңіз портының фарвартерлері мен акваториясындағы ең аз тереңдіктер туралы деректер негізінде жүзудің гидрометеорологиялық шарттарын ескере отырып белгіленеді және теңіз портының капитаны шығаратын өкіммен хабарланады.

113. Теңіз порттарының акватория мен кеме қатынасы каналдары навигациялық жабдық құралдарымен (бұдан әрі - НЖҚ) жаракталады.

НЖҚ-ны пайдалану режимі НЖҚ-ға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйым әзірлеген және Порт капитанымен келісілген нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

114. Теңіз порты акваториясының кеме қатынасы учаскелерінде тереңдік өзгерген кезде навигациялық жабдықтың белгілерін қою бұл туралы теңізде жүзушілерді Теңізде жүзушілерге хабарлама арқылы хабардар ете отырып өзгертіледі.

115. Навигациялық жабдықтың белгілері зақымдалған және олардың жарамсыздығы , кеме қатынасы үшін қауіп төндіретін батқан заттардың табылған кезінде теңіз әкімшілігі кемелер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар қабылдайды.

116. Белгіленген пайдалану режимінің сақталуын және акватория мен кәсіпорының кеме қатынасы каналдарының кепілді ауқымдарын қамтамасыз етілуін бақылау олардың тереңдіктерінің жай-күйін тұрақты бақылау жолымен жүзеге асырылады. Өлшеу жұмыстарының кезеңділігін пайдаланушы ұйымның басшысы гидрометеорологиялық факторлардың әсеріне және қызмет көрсетілетін акваториялар мен кеме қатынасы каналдарында тасындылардың шөгу қарқындылығына байланысты белгілейді.

Акваторияға және кеме қатынасы каналдарына іргелес жатқан аумақта өлшеу және түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу үшін тұрақты геодезиялық желі құрылады.

117. Акватория мен кеме қатынасы каналдарына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстардың тәртібі мен ұйымдастырылуы:

- 1) талап етілетін навигациялық габариттердің ұсталуын;
- 2) жобада белгіленген НЖҚ габариттерінің сақталуын және кеме жүрісін анықтау кезінде оларға акваторияда белгілерді қою схемаларына сәйкес қызмет көрсетілуін;
- 3) қоршаған табиғи ортаның жай-күйін мемлекеттік бақылау органдары талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

118. Теңіз портының акваториясы мен кеме қатынасы каналдарына техникалық қызмет көрсету:

- 1) тереңдіктерді өлшеуді;
- 2) акватория мен кеме қатынасы каналдары суларының тазалығын бақылауды;
